

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 қарашадағы N 1188 қаулысына толықтыру енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 6 желтоқсандағы N 1276 Қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 28 наурыздағы N 296 Қаулысымен

*Ескерту. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 6 желтоқсандағы N 1276 қаулысының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2008.03.28. N 296 Қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз).*

"Білім туралы" Қазақстан Республикасының заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Кәсіптік орта және жоғарғы білім беру ұйымдарына оқуға түсу кезінде адамдардың жекелеген санаттары үшін қабылдау квотасын белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 қарашадағы N 1188 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2002 ж., N 39, 404-құжат) мынадай толықтыру енгізілсін:

1-тармақ мынадай мазмұндағы 3) және 4) тармақшалармен толықтырылсын:

"3) I, II топтағы мүгедектер, бала кезінен мүгедектер, мүгедек балалар үшін - 0,5 пайыз;

4) жетім балалар және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар үшін - 1 пайыз."

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*